

ЖОБА

Павлодар облыстық мәслихаты шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» Заңының 27-бабына сәйкес, Павлодар облыстық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Павлодар облысы мәслихатының «Павлодар облысында жерлеудің және зираттарды күтіп ұстау ісін ұйымдастырудың қағидалары туралы» 2019 жылғы 27 қыркүйектегі №381/34 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6563 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихаттың төрағасы

И.ТЕРЕНЧЕНКО.

ЖАРНАМА

66-15-40,
66-15-42



ХАБАРЛАНДЫРУ

Рұқсат етілген шығарындылар нормативтерінің жобасын, қалдықтарды басқару бағдарламасын, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасын, «Нова-Сервис» ЖШС қалдықтармен жұмыс істеу алаңының қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарын түзету жобалары бойынша ашық жиналыстар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізуді жоспарлап отыр.

Өсер ету аумағы: Павлодар к., алаң орталығының географиялық координаттары: 52° 35' 48, 76° 94' 17.

Қоғамдық тыңдауды өткізу күні: 2024 жылғы 06 маусым. Тыңдау өткізу уақыты: 15 сағат: 00 мин.

Қоғамдық тыңдаулар Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Луначарский көшесі, 44/2, конференц залы мекенжайы бойынша өткізіледі.

Қоғамдық тыңдауларға сілтеме арқылы онлайн режимінде де қосылуға болады:

<https://us06web.zoom.us/j/84816413272?pwd=a1alUDJ8PPVIO42dENcO7zvtT9njR.1>

Конференция идентификациясы: 848 1641 3272.

Кіру коды: 487078.

Жоспарланған қызмет бастамашысының деректемелері мен байланыс деректері: «НоваСервис» ЖШС, БСН 191040032017; Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Луначарский көшесі, 24а.

Құжаттаманы өзірлеушілер: «ЭкоПраво» ЖШС, БСН 171240012442; Павлодар облысы, Павлодар к., Луначарский көшесі, 24а ғимарат.

Қосымша ақпаратты мына нөмір бойынша алуға болады: 87475444954 және электрондық пошта: epravo.info@mail.ru.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады (<https://ecoportal.kz/>).

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады немесе «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ мына мекенжайы бойынша: Павлодар қаласы, Жеңіс алаңы, 5Б, каб. 307, эл. мекенжайы baltabaeva.dpr@pavlodar.gov.kz, тел. 32-93-79.

(2081)

Мерзімді баспа басылымдары тиісті уақытында жеткізілмеген уақытта, мына телефондар арқылы хабарласыңыздар: «Ертіс Медиа» ЖШС 66-15-41, «Қазпошта» АҚ ПОФ-ның жазылу бөлімі: 32-40-37, 32-49-93 және сенім телефоны: 32-35-35.

Еске алу

Шаймарданов Ғалым Қинаятұлын еске аламыз

Өзіңді іздеумен көзім талды,
Көп ішінен таппаған соң
көңіл қалды.
Ару ана, сүйген жарың
оған қоса,
Боздаған боталарың
артта қалды.
Сұм ажал құлатты
ғой бәйтеректі,
Бәрімізге берді сөйтіп
қасіретті.
Ағайын, құда-жекжат,
дос-жарандар,
Сені жоқтап көз жастарын
судай төкті.
Мәңгілікке шырағың өшті
жанарыңда,
Өшпейтұғын бояу қалды
артыңызда.



Сол бояу бала-шаға
болса егер,
Кім айтады сені жоқ
деп арамызда.

Сүйікті жар, ардақты әке, аяулы ата Шаймарданов Ғалым Қинаятұлының жылына арналған ас 11.05.2024 жылы сағат 12.00-де Павлодар қаласы, Генерал Бөкіров көшесі, 2/1, «Арафат» мейрамханасы, 2- қабатта өтеді.

Еске алушылар: жұбайы, балалары, немерелері.

(319)

ХАБАРЛАНДЫРУ

ЖШС «ПМХЗ», «ЖШС «Павлодар мұнай-химия зауыты» орталық зауыт зертханасы ғимаратының желдету жүйесін қайта құру» жұмыс жобасына қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша қоғамдық талқылау арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Қоғамдық талқылаулар 13 мамыр 2024 жылдан 17 мамыр 2024 жылға дейін Бірыңғай экологиялық порталдың <https://ecoportal.kz/> сайтында өтеді.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар құжаттама Бірыңғай экологиялық порталда жарияланғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде қабылданады. Осы мерзім өткеннен кейін ескертулер мен ұсыныстар қабылданбайды.

Бастамашы – ЖШС «ПМХЗ», Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Солтүстік өнеркәсіп ауданы, Химкомбинатовская 1 к., Электрондық поштасы: kanc@pnhz.kz тел: (7182) 39-61-17

Жобалық құжаттаманы өзірлеуші «ЭОН Энерго» ЖШС 140000, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Солтүстік өнеркәсіп ауданы, көш. Химкомбинатовская 1., тел: +77768002512.

Қоғамдық тыңдаулар барысында жоспарланған мәліметтер туралы қосымша ақпаратты алуға, сондай-ақ жоспарланған іс-шараларға қатысты құжаттардың көшірмелерін электрондық пошта арқылы: mariya.issayeva@eon.kz және тел: +77768002512 сұратуға болады.

Халықтың ақпаратқа қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін жергілікті ақпараттық орган жауапты. Қоғамдық тыңдауларға жауапты - «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ - бас маман Бухина Р. электрондық пошта. мекенжайы: buhina.raushan@pavlodar.gov.kz және телефоны: 8(7182)321681.

(1089)

Еске алу

Касьянова Үкіжан Кәпбайқызын еске аламыз



«Ұстаз» - ұлағатты есім. Өйткені өз ғұмырын өзгеге арнайтын бұл жандардың алдында хан да, қараша да, ғалым да, дарын да басын иеді. Ұстаз шәкірттеріне өмірлік азық болар біліммен сусындатып, тәрбиелеп, адамгершілік тұрғыда бағыт береді. Осындай жанның бірі Касьянова Үкіжан Кәпбайқызы еді.

Үкіжан Кәпбайқызы 1954 жылы 28 қазанда Баянауыл ауданы Жосалы совхозына қарасты Ескі көмір деген жерде дүниеге келеді. Қызылтау 10 жылдық мектебін тәмамдап, 1972 жылы Павлодар қаласындағы педагогикалық училищеге оқуға түсіп, оны 1976 жылы бітіріп шығады.

Еңбек жолын 1976 жылы Қызылтау мектебінде мұғалім болып бастайды.

1979-1983 жылдары Қарағанды қаласы Бекетов атындағы мемлекеттік университетінде білім алады.

1984-1986 жылдары Жосалы совхозында, 1987-1991 жылдары Баянауыл қазақ орта мектебінде еңбек етеді.

1991-2016 жылдар аралығында өзі білім алған қазіргі Б.Ахметов атындағы Павлодар жоғары педагогикалық колледжінде еңбек атқарды. Алдына келген жүздеген шәкіртті білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беріп, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар берді. Оқушыларына қазақ тілі грамматикасының «жілігін шағып, майын алардай» түсіндіріп, қазақ әдебиетін оқытуда халқымыздың рухани құндылықтарын бойына сіңіріп, «ұстаз» деген атты абыроймен алып жүруге үйретті.

Саналы ғұмырын жас ұрпақты тәрбиелеу ісіне арнап, білім беру саласында ұзақ жыл қалтқысыз қызмет етіп, ұлағатты ұстаз, абыройлы әріптес, айнымас дос, жанашыр туыс бола білген Үкіжан Кәпбайқызының еңбегі - қашанда елге ұлағат, ұрпаққа өнеге.

Көке, жатқан жеріңіз жарық, иманыңыз жолдас болсын!

Марқұмның 40 күндік асы 11.05.2024 жылы Павлодар қаласы, Мәшһүр Жүсіп атындағы орталық мешіттің орта залында сағат 12.00-де өтеді.

Еске алушылар: балалары: Сүйіндік-Жаннат, немерелері: Ниязбек, Хантаөре, сіңлілері: Шынар, Балжан, жиені Аңсар, туыстары.

(312)

SARYARQA SAMALY

МЕНШІК ИЕСІ:

«Павлодар облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (Павлодар қаласы) «Ертіс Медиа» ЖШС, «Saryarqa samaly» облыстық газеті

Газетке Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитетінің мерзімді басылымды, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы 29.12.2023 ж. №KZ17VPY00084792 куәлігі берілген.

Газет 1979 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2014 жылы «Алтын жұлдыз» жалпы-ұлттық сыйлығымен, 2022 жылы «URKER» ұлттық журналистика сыйлығымен марапатталды.



ЖШС директоры
Руслан БИЛЯЛОВ

Бас редактор
Нұрбол ЖАЙЫҚБАЕВ

Телефоны: 66-15-30

ЖШС-нің мекенжайы:
Павлодар қаласы,
Астана көшесі, 143-үй.

Редакцияның мекенжайы:
140000, Павлодар қаласы,
Астана көшесі, 143-үй.
Теле/факс 66-15-30

Біздің сайт: saryarka-samaly.kz



Газеттің электрондық поштасы: ssamaly29@gmail.com.
Бас редактордың орынбасары - 66-15-28.
Жауапты хатшы - 65-12-74.
Әлеуметтік бөлім - 66-14-64, 66-15-31, 66-15-32.
Экономика, саясат - 66-14-64, 66-15-28, 66-14-65.

Жарнама бөлімі:
smi14reklama@gmail.com
66-15-42, 66-15-40.

Маркетинг және тарату бөлімі - 66-15-41.

Газеттің нөмірі «Saryarqa samaly»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Газет аптасына бір рет шығады, осы нөмірдің таралымы 3273 дана, бүгінгі көлемі 8 б.т.

«Дом печати» ЖШС баспахана-сында басылды. ҚР Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143-үй. Газеттің сапалы басылуына баспахана жауап береді. Телефоны: 8 (7182) 61-80-26.

Басылуға қол қойылған уақыты 17.00.
Тапсырыс - 542

Хаттар, қолжазбалар, фотографиялар мен суреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Көлемі А4 (14 кегль) форматындағы 2 беттен асатын материалдар қабылданбайды.

Редакция оқырмандардан түскен барлық хаттарды тегіс жариялауды және оларға жауап беруді міндетіне алмайды.

Жарнамалық материалдардың мазмұнына жарнама берушілер жауап береді.

Нөмірді өзірлеу барысында интернет ресурстарынан алынған фотосуреттер де пайдаланылды.

Авторлардың пікірлері редакция ұстанған көзқарасқа сәйкес келмеуі де мүмкін.

«Saryarqa samaly»-нда жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазба-ша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Баспа индексі 55443.